

"Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 18 маусымдағы № 420 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 413 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 141-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2021 жылғы
№ Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

1-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқарудың өзіндік моделі қалыптасты және даму үстінде, ол мыналарға негізделген:

- 1) өңірлік және жергілікті өкілді және атқарушы билік органдарының мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару функциялары мен өкілеттіктерін қоса атқаруы;
- 2) азаматтардың жергілікті қоғамдастықтар мүшелері ретінде жергілікті маңызы бар анағұрлым маңызды мәселелерді шешуге тікелей немесе сайланбалы органдар арқылы қатысуы.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының дамуымен байланысты көп кезеңді және серпінді процесс ретінде қалыптасуы Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы № 438 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасында көрініс тапты.

2013 – 2020 жылдары Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың алдыңғы тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде мынадай негізгі нәтижелерге қол жеткізілді:

1) аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдық округтерде, кенттерде және ауылдық округтің құрамына кірмейтін ауылдарда (бұдан әрі – ауылдық округтер) жергілікті өзін-өзі басқару органдары ұйымдастырылған, жергілікті қоғамдастықтардың жиналыстары мен жиындарын қалыптастыру, өткізу тәртібі, сондай-ақ олардың өкілеттіктері регламенттелген;

2) тиісті аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының ауылдық округтер әкімдерін сайлау енгізілді;

3) астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің жанынан халықпен өзара іс-қимыл мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші органдар ретінде жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық кеңестері құрылды;

4) барлық деңгейдегі әкімдердің өздеріне сеніп тапсырылған әкімшілік-аумақтық бірліктерді одан әрі дамытудың міндеттері мен негізгі бағыттары, проблемалық мәселелер және оларды шешу жөніндегі жоспарлар туралы хабардар ете отырып, жыл сайынғы негізде халыққа есеп беру кездесулерін өткізу практикасы енгізілді;

5) жергілікті өзін-өзі басқарудың институционалдық және экономикалық негіздерін оңтайландыру мен нығайтуға бағытталған шаралар кешені қабылданды.

Ең алдымен 2018 – 2020 жылдары барлық ауылдық округтерде бюджет жүйесінің төртінші деңгейі енгізілді. Ауылдық округтер өз бюджетін қалыптастырып, жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін басқара бастады. Ауылдық округтің бюджеті салықтардан, төлемдерден, айыппұлдардан, ерікті алымдардан, коммуналдық мүліктен түсетін кірістерден, сондай-ақ жоғары тұрған бюджеттен берілетін субвенциялардан қалыптастырыла бастады.

Тұрғындар төлейтін бірқатар салықтар – жер, көлік, мүлік, жеке табыс салығы және басқалары ауылдық округте қала бастады. Тиісінше азаматтар өз салықтарының қайда жұмсалғанын көруге мүмкіндік алды.

Объектілердің бір бөлігі – мәдениет үйлері, мүлдік кешендер түріндегі балабақшалар, жалпы пайдаланудағы объектілер (автомобиль жолдары, елді мекендердің көшелері, саябақтар, скверлер, демалыс орындары, ескерткіштер және өзгелер) аудандық деңгейден жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіне берілді.

Ауылдық округтер деңгейінде өкілді органның болмауына байланысты бюджетті бекітуді аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихаты ол жергілікті қоғамдастық жиналысында келісілгеннен кейін жүзеге асырады, ал атқарылуы ауылдық округ әкімінің аппаратына жүктеледі.

Жергілікті қоғамдастық жиналысына жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін басқару, бюджетті келісу, бюджет қаражатының пайдаланылуына мониторинг жүргізу, сондай-ақ аудан әкімі ұсынған ауыл әкімі лауазымына кандидатураларды келісу және оларды лауазымынан босату туралы мәселеге бастама жасау өкілеттіктері берілді.

Ауылдық округ әкімдеріне жер учаскелерінің мақсатты пайдаланылуын, абаттандыру, көгалдандыру қағидаларының сақталуын және ауылдық округтердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз етудің басқа да мәселелерін бақылау бойынша өкілеттіктер берілді.

Ауылдық округ әкімінің аппараты бюджетті жоспарлау мен атқаруды, бюджетті іске асыруды қамтамасыз ету; жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламаларын әзірлеу және жергілікті қоғамдастық жиналысының бекітуіне ұсыну жөніндегі және т.б. функцияларды жүзеге асырады.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру үшін аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің тікелей сайлауы енгізілді.

2-бөлім. Жергілікті өзін-өзі басқарудың проблемалары

Жергілікті өзін-өзі басқарудың қолданыстағы моделінде оның толыққанды жұмыс істеуіне кедергі келтіретін бірқатар шешілмеген мәселелер бар.

Ең алдымен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мәртебесін, функциялары мен өкілеттіктерін жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен қайталауды жоққа шығарып, барынша айқын нақтылау қажет.

2013 жылы ауылдық округтер әкімдерінің жанама сайлауын өткізу халықтың азаматтық белсенділігін арттыруға толыққанды ықпал еткен жоқ.

Ауылдық округ әкімінің жоғары тұрған әкімдерге әкімшілік және қаржылық тәуелділігі, оның ішінде ауылдық округте өкілді органның болмауына байланысты өз қызметінде олардың тапсырмаларын орындауға басымдық беруге ықпал етеді.

Басқару жүйесінің тиімділігін арттыру және институционалдық ортаны жетілдіру үшін жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін одан әрі қалыптастыру жөніндегі бағыттар мен шараларды айқындау, жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқарудың жауапкершілік аймақтарының аражігін ажырату қажет.

Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуде жоғары әлеуетке ие бола отырып, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамыту бүгінгі күні жете бағаланбай отыр. Осыған байланысты Қазақстанда мемлекеттілікті дамытудың негізгі міндеттерінің бірі жергілікті маңызы бар мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процестеріне халықты тарту үшін мүмкіндіктерді кеңейту болып табылады.

Бұл ретте ауыл әкімінің халыққа ашықтығы мен есеп беруі деңгейін арттыру жөнінде шаралар қабылдау қажет.

3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу

Жергілікті өзін-өзі басқару бүкіл әлемде қалалық және ауылдық елді мекендер тұрғындарының жергілікті маңызы бар істерді басқаруға және өмірлік маңызы бар мәселелерді тікелей шешуге мүдделі қатысуын қамтамасыз ететін ең пәрменді тетіктердің бірі, сондай-ақ өңірлік дамудың іргетасы болып табылады.

Қазақстанда өңірлердің даму деңгейінің күрт саралануы проблемасын шешу үшін "өзін-өзі басқару органдарының мемлекеттік істердің қомақты бөлігін регламенттеу және заң шеңберінде әрекет ете отырып, оны өзінің жауапкершілігі мен жергілікті халықтың мүддесі үшін басқару құқығы мен нақты қабілетін" қоса алғанда, барлық тетіктерді іске қосу қажет (Еуропалық жергілікті өзін-өзі басқару хартиясы, 3-1-бап).

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, азаматтардың өздерінің белсенділігі, биліктің бақылауда болуы мен халық алдындағы есеп беруі тетіктерін жасау ғана олардың өмір сүру сапасы мен жағдайларын, қоғамдық қызметтер көрсетуді жақсартып алады.

Қазақстан үшін бұл тұрғыда мемлекеттік басқаруды және өңірлік дамуды жетілдіру саласындағы мейілінше тиімді стандарттарды айқындайтын Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше болып табылатын елдердің тәжірибесі маңызды және қызықты.

Польша

Польшада субұлттық үкіметтің үш деңгейлі жүйесі бар. Бірінші деңгей – гминалар, екінші деңгей – повяттар, үшінші деңгей – воеводстволар.

Гмина басқармасы гминаның атқарушы органы болып табылады. Гминаларды бургомистр (ірі елді мекеннің әкімі) немесе войт (ауылдық округтің әкімі) басқарады.

1991 жылдан бері бургомистрлерді сайлауды гмина кеңесінің депутаттары жүзеге асырды, тек 2002 жылдан бастап бургомистрді тікелей дауыс беру жолымен тұрғындар өздері сайлай бастады. Польшада тікелей дауыс беру арқылы сайланған гмина мэрі президент деп аталады және төрт жылға сайланады.

Поляк муниципалитеттері функциялардың төрт негізгі тобын орындайды: кеңістікті басқару; бастауыш және ішінара орта білім; әлеуметтік қорғау, сондай-ақ коммуналдық көрсетілетін қызметтер мен инфрақұрылым.

Өкілдік орган бірнеше муниципалды қауымдастықтан тұрады бұлар – "гмина және қалалар" кеңесі, "повяттар" кеңесі, "воеводстволар" кеңесі және "метрополиялар" кеңесі.

Гминада шешім қабылдайтын және бақылауды жүзеге асыратын орган гмина кеңесі болып табылады. Кеңесте 15-тен 100-ге дейін депутат болуы мүмкін. Гмина басқармасының қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін кеңес гмина бюджетінің атқарылуын бақылайтын тексеру комиссиясын құрады.

Кеңестің айрықша өкілеттіктеріне мыналар жатады: гмина жарғысын қабылдау, гмина басқармасын сайлау және тарату, оның қызметінің бағыттарын айқындау және оның жұмысы туралы есептерді бекіту, гмина қазынашысын, сондай-ақ гмина хатшысын тағайындау және босату.

Гминалардың, повяттар мен воеводстволардың кіріс көздері: меншікті кірістерден, өзін-өзі басқару органдарының өз өкілеттіктерін (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, жолдар және басқалар) орындауға арналған жалпы мемлекеттік субвенциялардан мемлекеттік бюджеттің нысаналы дотацияларынан тұрады.

Меншікке салынатын муниципалдық салықтар мүлікке, жер мен ғимараттарға, ауыл шаруашылығы жерлеріне, орманға, азаматтық-құқықтық операцияларға, көлік құралдарына, мұраға және сыйға тартуға және басқаларға салынатын салықтарды қамтиды. Муниципалитеттер заңмен айқындалатын жоғары салықтық шектерде салық мөлшерлемелерін белгілеуге және белгілі бір ерекшеліктерге жол беруге құқылы.

Франция

Францияда жоғарғы деңгейдегі өңірлерді, аралық деңгейдегі департаменттер мен төменгі деңгейдегі муниципалитеттерді (округтер мен коммуналар) қамтитын үш деңгейлі субұлттық жүйе басым.

Мэр және оның орынбасарлары муниципалитет кеңесінің атқарушы органын құрайды және оларды муниципалды кеңес тек өз мүшелерінің қатарынан алты жылдық мерзімге мажоритарлық жүйеде жасырын дауыс беру арқылы сайлайды.

Мэрдің мынадай өкілеттіктері бар: муниципалдық қызметтерді басқару, басқарушы персоналды тағайындау, құрылысқа рұқсат беру, азаматтық хал актілерін тіркеу, азаматтардың жалпы қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету, мемлекеттік заңдар мен қаулыларды жариялау, сайлауды ұйымдастыру, әскери міндеттілердің тізімін жасау, азаматтық қорғанысты ұйымдастыру, бастауыш мектептердің жұмыс істеуін қадағалау.

Муниципалитеттердің алты жыл мерзімге тікелей жалпы дауыс беру арқылы халық сайлайтын өзінің жеке кеңесші жиналысы бар. Коммунаның кез келген салық төлеушісі муниципалды кеңестің депутаты бола алады.

Жұмысы қанағаттанғысыз болған жағдайда префект мэрді өз өкілеттіктерін орындаудан уақытша шеттетугі мүмкін. Префект орталық үкіметтің шенеунігі болып табылады және өзінің департаментіндегі орталық үкіметтің көптеген функциялары үшін жауап береді, әкімшілік биліктің неғұрлым төменгі деңгейлері мен Ішкі істер министрлігі арасындағы байланыстырушы буын болып табылады. Префект, сонымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару органдарына ұсынымдар бере алады және өз департаментіндегі ішкі тәртіп пен қауіпсіздікке жауап береді. Мэрді тек префект, ал префекті, өз кезегінде, Министр ғана тәртіптік жазаға тартуы мүмкін. Қазақстанда мұндай жоқ.

Францияда аумақтық қоғамдастықтар жария құқықтың заңды тұлғалары болып табылады. Бұл дербес бюджетті қалыптастыру, сотта өз мүдделерін қорғау мүмкіндігін және басқаларды болжайды.

Кеңестің қаржылық өкілеттіктеріне бюджетті қабылдау және коммуналдық салық мөлшерлемелерін айқындау, мүлікті сатып алу, сату, жалға беру және "қоғамдық" санатқа жатқызу, аумақтарды жайластырудың коммунааралық жоспарларын әзірлеу және бекіту кіреді.

Меншікті көздерден алынатын салық жүйесі төрт негізгі жергілікті салыққа негізделген: тұруға арналған салық, жылжымайтын мүлік салығы, құрылыс, жер салығы және "аумақтық экономикалық салым".

Муниципалитеттер осы салық мөлшерлемелерін белгілеу үшін дауыс бере алады, бірақ олар орталық үкімет белгілеген шектеулерді сақтауы тиіс және салық базасын өз бетінше белгілеуге құқығы болмайды.

Орталық үкіметтен түсетін трансферттер үш мақсатты көздейді: өтемақы (жергілікті бюджеттерді тұрақтандыру), теңестіру (кірістер теңсіздігін азайту) және бағдарлау (салалық саясатты әзірлеу).

Коммуналдық сайлауға қатысу есебінен көптеген басқа азаматтар қауымдастықтар мен консультативтік органдарға қатысады. Жергілікті халық консультативтік референдумдарға бастама жасауға құқылы. Консультативтік референдум азаматтардың көпшілігінің белгілі бір мәселе бойынша еркі мен пікірін анықтауға мүмкіндік береді. Референдум тиісті билік органдарының халықтың мүдделерін ескеру негізінде шешімдер қабылдауы мақсатында тұрғындардың пікірін анықтау нысаны ретінде қарастырылады.

Германия

Германияда штаттардан, округтерден және муниципалитеттерден тұратын үш деңгейлі субұлттық басқару жүйесі бар.

Германия федеративті мемлекет болғандықтан, жергілікті атқарушы органдардың басшыларын тағайындау тәртібі федералды жерлерде әртүрлі, оларды, мысалы, Баварияда тікелей муниципалитеттің азаматтары сайлайды.

Барлық жерлерде ауданның атқарушы билігінің басшысы тиісті ауданның мемлекеттік әкімшілігінің басшысы болып табылады. Бургомистр (бұл Германия үшін дәстүрлі атау), коммунаның мэрі немесе директоры жергілікті әкімшіліктің басшылығы болып табылады.

Кейбір жерлерде арнайы бақылау органдары құрылғанымен, жергілікті өзін-өзі басқару органдары қабылдайтын шешімдердің заңдылығын бақылауды жоғары деңгейдегі мемлекеттік әкімшілік жүзеге асырады.

Гессен жерлерін қоспағанда, барлық жерлердегі муниципалитеттер, жергілікті кеңес жерге байланысты жалпыға бірдей тікелей дауыс беру арқылы төрт жылдан алты жылға дейін сайланатын "кеңестер жүйесіне" сәйкес басқарылады. Жалпыға бірдей тікелей дауыс беру арқылы төрт жылдан тоғыз жылға дейін сайланатын мэр жергілікті кеңесті және атқарушы органды басқарады.

Муниципалды әкімшіліктің функцияларына сумен жабдықтауды және су бұруды, жылытуды, көше жарығын қамтамасыз ету; өрт сөндіру қызметі; абаттандыру және көгалдандыру; муниципалды жолдар мен балабақшаларды күтіп ұстау кіреді.

Барлық жердегідей өкілді органды тікелей халық сайлайды.

Кеңес өкілеттіктерінің ұзақтығы 4 (Гессен) жылдан 6 (Бавария) жылға дейін құбылады.

Жалпыға бірдей дауыс беру жолымен сайланатын кеңес өз құрамынан кеңес төрағасын сайлайды. Сонымен бір мезгілде кеңес дауыс беру арқылы кәсіби басқарушылар қатарынан – алқалы атқарушы орган – магистратты тағайындайды.

Кеңестердің өкілеттіктеріне ауруханалардың, мектептердің қызметі, әлеуметтік көмек көрсету саласы, қоқыс шығару және өңдеу, қоғамдық көлік кіреді.

Қауымдастықтардың халықтан жергілікті салықты және ең алдымен, жер салығы мен кәсіпкерлік қызметке салынатын салықты жинау мүмкіндігі бар. Бұдан басқа, жергілікті өзін-өзі басқару органдары федералды салықтар мен федерация субъектілерінің салықтарынан аударымдар алады.

Маңызды мәселелер азаматтар жиналысында немесе конференцияларда (Bürgerversammlung) талқыланады. Азаматтар жиналысын жылына бір рет немесе егер электораттың кемінде 10 %-ы талап етсе, мэр шақыруы тиіс. Бұдан басқа, азаматтар муниципалды кеңестен белгілі бір мәселені шешуді сұрауға құқығы бар. Бұл құқық кеңес немесе кеңес комитеті қабылдап қойған шешімге қарсы болуы мүмкін. Сұрау салуды электораттың кемінде 30 %-ы қолдауы тиіс. Сондай-ақ референдум өткізу мүмкіндігі де бар. Референдумға муниципалды кеңес (үштен екі көпшілік дауыспен) немесе азаматтар (электораттың кемінде 15 %) бастама жасауы мүмкін.

Финляндия

Муниципалитетте мүшелерін муниципалды кеңес төрт жылдық мерзімге тағайындайтын атқарушы кеңес бар. Бір адам жергілікті және атқарушы кеңестің

екеуінің де төрағасы болып сайлана алады. Басқарма муниципалды кеңес қабылдаған шешімдерді дайындауға және орындауға жауапты болады.

Финляндияда әкімшілік басшысы сайланбайды. Муниципалдық басқаруды кәсіби муниципалды менеджер басқарады, оны кеңес тағайындайды және ол соның алдында жауапты болады. Муниципалды басқаруда жұмыс істейтін барлық мамандар сияқты менеджер сайлаудан кейін өз орнын сақтайды және оның нәтижесіне тәуелді болмайды.

Муниципалитеттегі басты орган муниципалды кеңес болып табылады. Кеңес мүшелерін әрбір төрт жыл сайын жергілікті сайлауда халық сайлайды. Кеңес муниципалитеттің тұрғындарына байланысты 17 – 85 мүшеден тұрады. Барлық партиялар саяси шешімдерге қатысады.

Муниципалды кеңес жергілікті бюджетті қабылдайды, сондай-ақ жергілікті салықтар мен алымдарды белгілейді. Орта есеппен жергілікті бюджет кірістерінің 47 %-ы – жергілікті салықтардан түсетін түсімдер, 27 %-ы – қосымша кірістер, 19 %-ы – мемлекеттік субсидиялар, 4 %-ы – қарыздар, 2 %-ы – инвестициялық кірістер және 1 %-ы – өзге де кірістер.

Жергілікті салық кірістерінің негізгі көзі – муниципалитет тұрғындары жалақысының 15 – 21 %-ын құрайтын жалақыға салынатын салық. Муниципалды кеңес бұл пайызды жыл сайын белгілейді.

Мемлекеттік субсидиялар коммуналарға міндетті қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін, бірақ негізінен бай және кедей муниципалитеттердің кірістерін теңестіру үшін беріледі. Неғұрлым дамыған бірнеше муниципалитет субсидия алмайды. Бюджеттің қосымша кірістері белгілі бір қызметтерге байланысты муниципалдық алымдар есебінен қалыптасады.

Атқарушы кеңестен басқа тексеру комиссиясы және кәсіби аудиторлар бар.

Азаматтық бастамаларды ұсыну үшін онлайн платформа (Kansalaisaloite.fi) құрылды. Бұл – азаматтарға бастамалар жасауға және осы бастамаларды қолдау үшін жазбаша өтініштер жинауға мүмкіндік беретін онлайн жүйе. Дауыс беруге құқығы бар барлық фин азаматтары бастама жасауға құқылы. Азаматтық бастамалардың үш түрі бар: (1) жаңа заңнама ұсыну; (2) қолданыстағы заңнамаға өзгерістер ұсыну немесе (3) қолданыстағы заңнаманың күшін жоюды ұсыну.

Финляндияның барлық электрондық қатысу қызметтеріне жеке веб-платформалар арқылы онлайн режимде қолдау көрсетіледі. Функционалдылық әрбір платформаға жауапты мемлекеттік органдар жүргізетін тұрақты жаңартулардың арқасында сақталады.

Канада

Тұтастай алғанда, жергілікті өзін-өзі басқарудың құрылымы провинциядан провинцияға өзгеріп отырады, алайда муниципалды кеңестер мен әкімшіліктер негізгі бірліктер болып табылады. Бір деңгейлі муниципалдық білім берудің өкілеттіктерін сайлаушылар сайлайтын кеңес жүзеге асырады.

Мэрді немесе бас магистратты әрқашан муниципалитеттің барлық сайлаушылары сайлайды.

Биліктің муниципалдық органдары кітапханалар, саябақтар, коммуналдық сумен жабдықтау жүйелері, жергілікті полиция, жолдар мен автотұрақтар сияқты салаларға жауапты.

Тиісті муниципалдық бірліктердің халқы бөлек сайлайтын алқалы өкілді орган (кеңес). Кеңеске сайлау көп мандатты округ бойынша, сол сияқты бір мандатты округтер бойынша өткізілуі мүмкін.

Ірі муниципалитетте кеңес бірнеше ондаған депутатты қамтуы мүмкін. Орташа статистикалық муниципалитетте кеңес он – жиырма мүшеден тұрады.

Көптеген провинциялар муниципалдық құрылымдарда аумақтық органдар – жергілікті өзін-өзі басқару органдарының кейбір аспектілерін қадағалайтын комиссияларды немесе алқаларды құрады.

Көптеген провинцияларда жергілікті сайлау төрт жылда бір рет өткізіледі.

Муниципалитеттің кіріс көздері негізінен мүлік салығынан, муниципалдық көрсетілетін қызметтер үшін тұрғындардың төлемақыларынан, провинциялық үкіметтер тарапынан қаржылық қолдаудан, түрлі лицензиялар мен біржолғы рұқсаттар үшін төлемдерден тұрады.

Меншікке салынатын салық мөлшерлемесін жергілікті кеңес белгілейді.

Азаматтарға кеңес немесе комитет отырыстарын көруге, отырыста сөз сөйлеуге, кері байланыс жасауға, петиция беруге, муниципалдық сайлауларда дауыс беруге және басқа да мүмкіндік берілген.

Аустралия

Аустралияда кеңес жергілікті өзін-өзі басқарудың басшы органы болып табылады. Ол кеңесшілер мен мэрден немесе президенттен тұрады. Кеңес мүшелерінің саны алтыдан он беске дейін өзгеруі мүмкін.

Кеңес мүшелерін сайлау әдістері преференциялық немесе біржолғы дауыс беруді, пропорционалды өкілдікті және "ізашар" жүйесін қамтиды.

Мэрлерді тікелей сайлаушылар немесе жанама түрде алқа сайлауы мүмкін және екі жағдайда да мерзімі бір жылдан төрт жылға дейін өзгереді.

Жергілікті кеңестерге сайлау жүйесі штатқа немесе аумаққа байланысты түрленеді.

Кейбір штаттарда ерікті дауыс беру бар, ал басқаларында –сайлаушылардың келуін арттыру мақсатында кеңестерге сайлау үшін міндетті немесе жалпыға бірдей пошта арқылы дауыс беру бар.

Өкілді орган құрамына резиденттер, бейрезидент меншік иелері және бейрезидент меншікті жалға алушылар кіретін сайлаушылардан тұрады.

Әрбір кеңес өзінің жергілікті қоғамдастығының қажеттіліктеріне жауап беруге және оларды қамтамасыз етуге тиіс.

Жергілікті өзін-өзі басқару жеке қоғамдастықтар үшін қажетті көрсетілетін қызметтер мен инфрақұрылымның толық спектрін ұсыну, саябақтардың, бақтардың, жолдардың, көшелердің, көпірлердің, кітапханалардың жұмыс істеуі және бассейндерге қызмет көрсету үшін жауап береді.

Мүлік салығы көптеген жергілікті билік органдарының негізгі табыс көзі болып табылады. Әрбір жергілікті үкімет алынатын төлемнің мөлшері мен түрін айқындайды. 1995 жылғы Жергілікті өзін-өзі басқару туралы заң және 1978 жылғы Жерді бағалау туралы заң меншіктің салық салынатын құнын бағалау әдістерін және алынуы мүмкін мөлшерлемелердің түрлерін белгілейді.

Штаттың жергілікті үкімет туралы заңнамасында кеңестер өз қоғамдастықтарымен барлық маңызды мәселелер бойынша, атап айтқанда, қызмет көрсету, оның ішінде жергілікті қоғамдастықты дамыту, сондай-ақ ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлар бойынша кеңесуі тиіс екені көзделген.

Тұтастай алғанда, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің жұмыс істеуінің шетелдік тәжірибесі оның жергілікті қажеттіліктерге бағдарлануының және қала мен ауыл халқының үмітіне сәйкес келуінің маңыздылығын көрсетеді.

Жергілікті атқарушы органдардың басшыларын тікелей сайлау практикасы Аустралияда, Польшада, Германияда және Канадада кездеседі. Бұл ретте Канада мен Аустралияда осы лауазымдарға кандидаттар үшін жасы бойынша шек – 18 жас. Польшада сайлауға қатысу құқығынан айырылмаған, кем дегенде 25 жастағы кез келген Польша азаматы бурмистр бола алады.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту үшін жергілікті өзін-өзі басқару моделі бойынша, сондай-ақ географиялық және демографиялық сипаттамалары бойынша Қазақстан Республикасымен салыстыруға болатын елдердің тәжірибесі зерделенді.

Аустралияның, Канаданың және Польшаның атқарушы органдары жергілікті халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетуді қамтитын өкілеттіктердің кең спектріне ие.

Барлық қарастырылған елдерде жергілікті өзін-өзі басқару деңгейіндегі өкілді органдар бар. Бұл ретте Аустралияда, Германияда және Финляндияда өкілді органдардың құрамын азаматтар сайлайды.

Сондай-ақ барлық қарастырылған елдерде кірістер жоғары деңгейдегі дотациялар арқылы да, сол сияқты салықтар мен төлемдер түріндегі өз кірістері есебінен де қалыптасады. Бұл ретте өкілді органдардың салық мөлшерлемелерін реттеуге және олардың түрлерін белгілеуге құқығы бар. Польша мен Францияда нысаналы дотациялар мен нақты мақсаттарға және муниципалитеттердің бюджеттеріндегі сәйкессіздіктерді теңестіруге жұмсалатын гранттар бөлінеді.

Азаматтарды жергілікті қоғамдастықтардың жұмысына тартуда маңызды рөл атқаратын азаматтық бастамалар үшін электрондық портал құру бөлігіндегі Финляндияның тәжірибесін атап өту қажет.

4-бөлім. Өзін-өзі басқаруды дамыту үрдістері мен пайымы

Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес әзірленді.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімді жүйесін құру саяси жүйені жетілдіру және демократияны дамыту шеңберінде Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамада мәлімделген.

Осы мақсатпен жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамытуға кедергі келтіретін түйінді проблемаларды шешу жөнінде шаралар қабылдау қажет.

Жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілеттіктері мен жауапкершілік салаларының аражігін ажырату

Ел дамуының қазіргі кезеңінде мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында билікті одан әрі орталықсыздандыру және жергілікті өзін-өзі басқарудың пәрменді жүйесін құру, қайталануды жоққа шығару қажет болып отыр.

Көбінесе жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктер аражігінің нақты ажыратылмауы ауылдық округтер деңгейінде жоспарлау және атқару жүйесінің теңгерімсіздігіне әкеп соғады. Өз кезегінде аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі ауылдық округ әкіміне оның құзыретіне кірмейтін функцияларды жүктейтін жағдайлар да болады.

Осыған байланысты мүліктік құқықтарды кеңейту және ауылдық округтер бюджеттерінің кірістерін ұлғайту жолымен жергілікті мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілеттіктерінің аражігін кезең-кезеңімен ажырату бойынша шаралар қабылданатын болады.

Осы мақсатта тән емес, қайталанатын, жетіспейтін функцияларды анықтай отырып, мемлекеттік басқару деңгейлері бөлінісінде функциялар мен өкілеттіктерге талдау жүргізілетін болады. Осы жұмыс қорытындысы бойынша мемлекеттік басқару деңгейлері арасында, оның ішінде облыстық, қалалық, аудандық және ауылдық деңгейлердегі жергілікті атқарушы органдар арасында функцияларды алып тастау, беру және қайта бөлу жөнінде ұсыныстар тұжырымдалатын болады.

Бұл ретте өкілеттіктерді қайта бөлу мемлекеттік органдардың жаңа функцияларды орындауға кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі тұрғысынан әзірлігі ескеріліп пысықталатын болады.

Бұдан басқа, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына орталық деңгейден мынадай өкілеттіктер беріледі:

тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған білім алушылар мен тәрбиеленушілердің қажеттіліктеріне талдау жүргізуді қамтамасыз ету, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;

шекаралық аймаққа кіретін жолдарда жол (ақпараттық) белгілерін орнату жөніндегі мәселелерді қарау;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау (барлық қуаттағы қазандықтар мен жылу желілері бөлігінде) және басқалары.

Аудандық деңгейге коммуналдық мүлікке сәйкестендіру құжаттарын дайындау, қыс мезгілінде және мереке күндері жарықтандыру мониторингі, көшелерді санитариялық тексеріп қарау, деструктивті діни ағымдардың азаматтарына мониторинг жүргізу өкілеттіктері берілетін болады.

Бүгінде бұл мәселелерді қарауды облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктері жүзеге асырады. Бұл ретте осы функцияларды аудандық деңгейге беру тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде туындайтын жағдайлар үшін аудандық атқарушы органдардың жауапкершілігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың біртіндеп дамуы, ауылда бюджет пен коммуналдық меншікті енгізу, халықтың өсіп келе жатқан белсенді азаматтық позициясы ауыл әкіміне де, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына да көбірек дербестік беру қажеттілігін көрсетеді.

Осы жұмыстың бастапқы кезеңінде әртүрлі оқу, жекелеген ұғымдарды екіжақты түсіндіру жойылып, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңы әзірленетін болады.

Өз кезегінде ауылдағы жергілікті өзін-өзі басқару институтының әлеуетін ескере отырып, мынадай функциялардың аудан деңгейінен ауыл деңгейіне берілуі маңызды қадам болмақ:

абаттандыру және санитариялық тазалау, жасыл желектерді күтіп-ұстау және қорғау, мал жаю және үй жануарларын серуендету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

қоғамдық орындарды абаттандыру және сыртқы безендіру мәселелерін шешу;

көрме-жәрмеңкелік қызметті ұйымдастыру және көше саудасының мониторингі;

молаға арналған жер учаскелерін есепке алу және тіркеу;

көшелерді санитариялық тексеріп қарау;

коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру;

есеп беру кездесулерінде көтерілген мәселелерді шешу мәртебесі бойынша ай сайынғы есептілікті мониторингтеу және жасау;

өз құзыреті шегінде ақпараттық жүйелерді қолдана отырып, электрондық қызметтер көрсету;

әлеуметтік шиеленісті және еңбек жанжалдарының туындау тәуекелдерін мониторингтеу және тағы басқалар.

Функцияларды жергілікті өзін-өзі басқару деңгейіне беру ағымдағы проблемаларды уақтылы анықтау және шешу, сондай-ақ ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық дамуына және қоғамдық өзін-өзі басқаруды кеңейтуге бағытталған нақты міндеттерді айқындау үшін жағдай жасауға тиіс.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен мемлекеттік басқару органдары арасында туындайтын келіспеушіліктер сот тәртібімен шешілуге тиіс.

Мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату әрбір деңгейге өзіне тән өкілеттіктердің бекітілуіне әкеледі және басқарудың әрбір деңгейінің жауапкершілігін арттыруға, деңгейлер арасындағы функциялар мен өкілеттіктердің қайталануын жоққа шығаруға, жергілікті маңызы бар міндеттерді шешу үшін ресурстарды тиімді пайдалануға және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Азаматтарды жергілікті өзін-өзі басқаруға тарту

Бірнеше жыл бойы елдің әлеуметтік-саяси дамуына интернеттің ықпалы күшейгені байқалып келеді, ол қоғамдық пікірталастар өткізуге, демократиялық процестерді ынталандыруға, азаматтардың қоғамдық мәселелерден хабардар болуына және оған тартылуына қосымша мүмкіндіктер береді. Цифрлық технологиялардың дамуы көптеген әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуде қозғаушы күшке айналды.

Бұл ретте заңнамалық негіздің болуына қарамастан, азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқару мәселелеріндегі енжарлығына байланысты мемлекеттік аппараттың халықпен өзара іс-қимылының тиімділігі нашар болып табылады.

Жергілікті деңгейдегі мемлекеттік органдар электрондық платформаларды нашар пайдаланады, соның нәтижесінде әлеуметтік желілерде және интернет ресурстарда кеңінен талқыланатын қоғамдық маңызы бар мәселелер жергілікті атқарушы органдар тарапынан назардан тыс қалады.

Мемлекеттік органдар, оның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару органдары осы құралдарды тиімді пайдалануды үйренуге тиіс.

Халықтың шешімдер қабылдауға тартылуы басқару сапасын өзгертуге, азаматтық белсенділікті арттыруға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін ашық етуге тиіс. Осы мақсатта инфрақұрылымдық және әлеуметтік бастамаларға бағытталған қоғамдық маңызы бар шығыстар бөлігінде онлайн-сауалнамалар қолдануды қоса алғанда, қоғамдық сараптамадан өту тетіктері арқылы жергілікті бюджеттерді бекіту процесін бақылауды күшейту жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту халықтың азаматтық құқықтық санасы мен құқықтық сауаттылығы деңгейін арттыруды талап етеді. Ол үшін үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін белсенді пайдалану қажет. Үкіметтік емес ұйымдарға гранттар беру арқылы жергілікті өзін-өзі басқару негіздеріне оқыту бойынша, бірінші кезекте

жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелері үшін ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын жүргізу қажет.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың интернет порталы әзірленетін болады, онда міндетті түрде ауылдық округтердің даму жоспарлары, бюджет түсімдері туралы мәліметтер, жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді органының шешімдері, азаматтық бюджет және тағы басқалар жарияланатын болады.

Бұл портал жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жергілікті қоғамдастықпен өзара іс-қимыл жасасуына, және басқа азаматтық бастамаларды қарауға арналған алаңға айналмақ. Ақпарат әрдайым өзекті, қарапайым және барлық азаматтар үшін түсінікті болуға тиіс.

Жергілікті қоғамдастықтарда ауық-ауық жобалар конкурстары өткізілетін болады. Тұрғындардың көпшілігі дауыс беретін, аумақтарды көгалдандыруға, жалпы пайдаланылатын орындарды (саябақтар, скверлер, спорт және ойын алаңдары және өзге де объектілер) жасауға, жөндеуге және жарықтандыруға бағытталған үздік жобалар тиісті бюджеттік бағдарламалар, оның ішінде елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға бағытталған бағдарламалар бойынша ауылдық округтің бюджетінен оның мүмкіндіктері ескеріліп, қаржыландырылатын болады.

Сонымен қатар, жұмыс істеп тұрған мәдениет үйлері негізінде "Community center" (қоғамдық орталық) – тұрғындарды тарту және ауылдың қоғамдық-мәдени тыныс-тіршілігі орталықтарын ұйымдастыруды көздеу қажет, онда кітапханалар, мәжіліс залы, электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу үшін жағдайлар, сондай-ақ тұрмыстық қызметтердің басқа да салалары болады. Бұл объект жергілікті қоғамдастық коллаборациясы (ынтымақтастығы) орнына айналуы тиіс.

Жастарды жергілікті деңгейдегі мәселелерді шешу кезінде қоғамдық бастама білдірудің маңыздылығын түсінуге тәрбиелеу азаматтық білім берудің құрамдас бөліктерінің біріне айналады.

Осыған байланысты мектеп оқушылары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының студенттері үшін дебаттар, жарыстар, пікірталастар және басқа да ойын және оқыту әдістері форматында "Жергілікті өзін-өзі басқару қағидаттарын және азаматтарды шешім қабылдау процесіне тартуды" зерделеу бойынша сыныптан тыс курсты көздеу ұсынылады. Сондай-ақ оқушылардың/студенттердің өзін-өзі басқару көшбасшыларын сайлауды енгізуге мүмкіндік беру қажет. Бұл іс-шаралар оқушыларды жергілікті өзін-өзі басқарудың мақсаттары мен міндеттері туралы хабардар ету, өз елді мекенін дамытуға қатысу мүмкіндігі арқылы жастарды жергілікті өзін-өзі басқаруға тартуды ынталандыруға бағытталатын болады.

Жиындарды қалыптастыру тәртібі мен өкілеттіктері және түрлі, оның ішінде қазіргі заманғы тәсілдер мен цифрлық технологияларды пайдалана отырып, азаматтарды тарту

құралдары заңнамалық тұрғыдан айқындалатын болады. Интернет-қоғамдастықтардың жергілікті өзін-өзі басқару институттарын дамыту және азаматтық белсенділікті арттыру бойынша тиімді құрал ретіндегі маңыздылығын да ескеру қажет.

Жоғарыда көрсетілген іс-шаралардың іске асырылуы жергілікті өзін-өзі басқару институтын одан әрі дамытудың табысты сабақтастығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару мәселелерін қарау мен шешуді сапалы жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді.

Ауылдық округтердегі жергілікті өзін-өзі басқару органдарын жетілдіру

Ауылдық округтер әкімдерін тікелей сайлауды енгізу және оларға дербес бюджет беру ауылдың әрбір тұрғыны үшін жергілікті маңызы бар маңызды мәселелер бойынша шешімдер қабылдайтын алқалы орган құруды талап етеді.

Шетелдік тәжірибені талдауды ескере отырып, жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметінің нысаны әзірленетін болады, орган мүшелерінің мәртебесі, оларды сайлау тәртібі, өкілеттік мерзімдерін, бірқатар өкілеттіктері, құқықтық актілерді шығару тәртібі және басқа да көптеген мәселелер айқындалатын болады.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі органы жергілікті қоғамдастық жиыны болып табылады. Ауылдық округтердегі жергілікті қоғамдастық жиыны жекелеген елді мекендерде немесе елді мекеннің құрамдас бөліктерінде бөлек жиындар өткізу арқылы тікелей жергілікті қоғамдастық өкілдерінен қалыптастырылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу тәртібін және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін елді мекеннің, шағын ауданның, көшенің, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаттары айқындайтын болады.

Жергілікті қоғамдастықты дамыту жөніндегі басым міндеттерді және оларды іске асыру мерзімдерін айқындау, әкім ұсынған жергілікті қоғамдастықты дамыту жоспарын келісу, әкімшілік-аумақтық құрылысты өзгерту, ауылдық округ әкімінің есептерін тыңдау, сондай-ақ мәслихат алдында ауылдық округ әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастама жасау мәселелері бойынша жергілікті қоғамдастық жиынының өкілеттіктері кеңейеді.

Ауылдық округтерде жергілікті қоғамдастықтың қазіргі жиналысын қайта құру жолымен өкілді органның функциялары бар алқалы жергілікті өзін-өзі басқару органы – Кеңес құрылатын болады.

Кеңестің қызметін қамтамасыз етуді әкім аппараты (жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігі) жүзеге асырады.

Кеңес мүшелері жергілікті қоғамдастық жиындарында ашық дауыс беру арқылы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының қатарынан үш жыл мерзімге сайланатын болады. Кеңес мүшелерінің саны тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік халқының санына байланысты болады. Кеңесте әрбір елді мекеннен міндетті өкілдік қамтамасыз етіледі.

Кеңес төрағасы Кеңес мүшелері арасынан ашық дауыс беру арқылы үш жыл мерзімге сайланатын болады.

Бұл ретте Кеңесті жергілікті қоғамдастық жиыны таратуы мүмкін.

Кейіннен электрондық дауыс беру технологиясының көмегімен қосымшалар немесе интернет портал арқылы онлайн режимде дауыс беру мүмкіндігін көздеу қажет.

Кеңес тиісті аумақта күші бар құқықтық актілерді қабылдайды.

Кеңес қабылдаған құқықтық актілер бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде электрондық түрде жарияланатын болады.

Кеңестің өкілеттіктеріне жергілікті қоғамдастықтың жиынымен келісілген жергілікті қоғамдастықты дамыту жоспарын бекіту, бюджетті бекіту, оның атқарылуын бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақта орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар басшыларын тағайындауды келісу кіретін болады.

Бұдан басқа, Кеңес елді мекендерді абаттандыру, санитария, көше саудасы, мерекелік іс-шаралар мен конкурстар өткізу мәселелерін реттейтін болады.

Сондай-ақ Кеңес жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігі көрсететін ақылы қызметтер бойынша тарифтерді бекіту, сондай-ақ салықтар мен төлемдер мөлшерлемелерінің мөлшерін реттеу бойынша құзыреттерге ие болады, мысалы:

жер салығының базалық мөлшерлемелерін ұлғайту немесе азайту;

мүлік салығы бойынша салық базасын анықтау үшін аймақтарға бөлу коэффициентін белгілеу.

Бұл ретте мөлшерлемелердің шекті мөлшері және салықтар мен төлемдердің рұқсат етілген түрлерінің тізбесі бюджет және салық заңнамасында айқындалатын болады.

Кеңес ауылдық округ әкімінің ұсынысымен еңбек шарты бойынша жалданатын әкім аппараты (жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігі) жұмыскерлерінің еңбегіне төленетін ақының мөлшерін реттеу мүмкіндігіне ие болады.

Осылайша, Кеңестің құрылуы азаматтарға неғұрлым жақын өзін-өзі басқарудың ең төменгі деңгейін құруға негіз болады. Кеңес мүшелерін тікелей сайлау арқылы азаматтар жергілікті саяси өмірге қатыса алады.

Ауылдық округ әкімі

Ауылдық округ әкімі атқарушы органның – жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігінің басшысы болады және оның лауазымын халық тікелей сайлайтын болады.

Ауылдық округ әкімдігіне кандидаттар ұсынуды саяси партиялар жүзеге асырады, сондай-ақ базалық біліктілік талаптарын – ауылдық округ әкімдігіне кандидаттар үшін кемінде 25 жаста болуын, сондай-ақ жоғары білімінің және белгілі бір жұмыс тәжірибесінің болуын белгілей отырып, өзін-өзі ұсыну тәртібімен жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, ауылдық округ әкімінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға бастама жасаудың, оның ішінде қанағаттанарлықсыз жұмыс нәтижелері, әдепсіз

мінез-құлық және т.б. негіздері мен тәртібі заңнамалық түрде бекітілген. Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатына ауылдық округ әкімінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату құқығы берілген. Жергілікті қоғамдастық жиынының, ол қайта ұйымдастырылған соң Кеңестің де әкімі сайлау алды бағдарламасын орындамаған, жергілікті қоғамдастықпен өзара іс-қимыл жасамаған жағдайда әкімнің мәслихат алдындағы өкілеттігін тоқтатуға бастама жасау құқығы болды.

Бұл ретте қазіргі кезеңде ауылдық округ әкімінің мәртебесін мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге жатқызған жөн. Кейіннен аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің тікелей сайлауы енгізілген кезде ауылдық округтер әкімдерін сайланбалы мемлекеттік саяси қызметшілер санатына жатқызу мәселесін қарау қажет.

Алдағы уақытта ауылдық округ әкімдерін тікелей сайлау қорытындылары бойынша егжей-тегжейлі талдау негізінде және қажет болған жағдайда сайлау процесіне түзетулер енгізілетін болады.

Әкім Кеңес шешімдерінің орындалуын ұйымдастыруды және жергілікті деңгейдегі стратегиялық міндеттерді іске асыруды қамтамасыз етеді.

Ауылдық округ әкімінің негізгі функциялары мен өкілеттіктеріне жер қатынастарын реттеу, елді мекендерді сумен жабдықтауды қамтамасыз ету, халықтың әлеуметтік осал топтарын есепке алу және оларға көмек көрсетуді ұйымдастыру, елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитариялық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және тағы басқалар кіреді.

Кейіннен функционалдық талдау және орталықсыздандыру нәтижелері бойынша ауылдық округтер әкімдерінің өкілеттіктері кеңейтіледі.

Ауылдық округ әкімі өзіне жүктелген функциялардың іске асырылуы үшін Кеңес алдында жауапты болады.

Әкімдердің тікелей сайлауын енгізу әкімдерді тікелей халықтың сайлауына мүмкіндік береді. Өз кезегінде сайланған әкім жүргізіліп жатқан жұмыс үшін халыққа есеп береді.

Бұдан басқа, ауылдық округ әкіміне инфрақұрылымдық және тыныс-тіршілікті қамтамасыз етудің басқа да әлеуметтік маңызы бар объектілерін дамытуға бағытталған функцияларды беру осы мәселелерді жедел шешуге оң әсерін тигізеді.

Атқарушы органның жаңа құрылымы – жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігі

Бүгінгі күні аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратын аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі құрады, таратады және қайта ұйымдастырады. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты туралы ережені және оның құрылымын аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі бекітеді.

Мүмкіндіктерінің шектеулі болуына байланысты ауылдық округ әкімі аппаратының жұмысы жайлы тұрмыс үшін тұрғындарды көрсетілетін қызметтердің бәрімен толық көлемде қамтамасыз ете алмайды.

Қаржыландырудың шектеулі болуы, лимиттелген штат саны, жоғары тұрған әкімдікке аса тәуелділік және кадр әлеуетінің төмендігі ауылдық округтер әкімдері аппараттарының жаппай проблемасы болып табылады.

Шетелдік тәжірибені талдауды ескере отырып, қазіргі әкім аппаратының орнына "жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігінің" жаңа ұйымдық-құқықтық нысаны әзірленетін болады.

Пилоттық жоба шеңберінде ауылдық округ әкімі аппаратының орнына "жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігін" құру сынақтан өткізіледі, оның ұйымдық-құқықтық нысаны жергілікті қоғамдастықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету бойынша бірқатар қызметтер, оның ішінде Кеңес айқындайтын ақылы қызметтер көрсетуге мүмкіндік береді.

Жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу бойынша олардың қызметінің икемділігін, жеделдігі мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігінің қызметіндегі көптеген бизнес-процестер оңтайландырылады.

Әкім аппаратының (әкімшіліктің) мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің штат саны ауылдық округтерге арналған штат санының лимитінде белгіленген шеңберде қалады.

Бұл ретте ауылдық округ әкімі бюджет қаражатын үнемдеу және (немесе) түсімдер есебінен еңбек шарты бойынша қосымша жұмыскерлерді қабылдай алады.

Еңбек шарты бойынша қабылданатын жұмыскерлер тізбесі өндірістік қажеттілік ескеріле отырып, Кеңестің шешімі бойынша қалыптастырылады және аппараттың (әкімшіліктің) қосалқы қызметі (бағдарламашы, статист, іс жүргізуші, архивариус, хатшы, күзетші, агроном, жүргізуші, механизатор, ағаш ұстасы, аула сыпырушы, әртүрлі жұмысшы) болып табылады.

Бұдан басқа, жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігіне жұмысқа білікті әрі тәжірибелі кадрларды тарту мақсатында әлеуметтік-қаржылық қолдау шаралары (жалақыға үстемеақы, тұрғын үй беру, біржолғы көтерме төлемдер және тағы басқа) көзделеді.

Жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігінің функцияларына тиісті ауылдық округ әкімінің қызметін және оның тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету кіреді. Бұл ретте Кеңестің қызметін ұйымдық-техникалық қамтамасыз ету, атап айтқанда, отырыстарды дайындау, хаттама жүргізу, Кеңес мүшелерінің қолдарын жинау және тағы басқалар аппараттың (әкімшіліктің) функциясы болып табылады.

Пилоттық жобаның қорытындысы бойынша "жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігін" одан әрі енгізу қаралатын болады.

Аудан әкімімен өзара іс-қимыл

Ауылдық округ әкімі жылумен, сумен, энергиямен жабдықтауды ұйымдастыру, аудан орталығымен көлік қатынасы, авариялық тұрғын үйлерді бұзу, жер қатынастары

мәселелері, сондай-ақ Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының ауылдық округтер деңгейіне дейін декомпозицияланған стратегиялық көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша аудан әкімімен өзара іс-қимылды жалғастырады.

Фискалдық орталықсыздандыру

Жергілікті өзін-өзі басқаруды нығайту жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің қаржылық мүмкіндіктерін күшейте отырып жалғасады.

Жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде жоғары тұрған деңгейге қаржылық тәуелділікті біртіндеп төмендеткен жөн. Қолданыстағы кіріс көздері түсімдердің қосымша түрлерін жергілікті өзін-өзі басқару бюджетіне беру есебінен ұлғайтылатын болады.

Ауылдық округ әкімі меншік иелерінің жер учаскелерін ұтымды және нысаналы пайдалануына жауапты болғандықтан, жер учаскелерін пайдаланудан түсетін барлық түсімдерді жергілікті өзін-өзі басқару бюджетіне беру қисынды болады.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс базасын одан әрі кеңейту үшін 2022 жылы салықтар мен төлемдердің мынадай түрлері берілетін болады:

бірыңғай жер салығы;

жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем;

жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлем.

2024 жылы мынадай салықтар мен төлемдерді беру жалғасады:

су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем;

қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін төленетін лицензиялық алым;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды пайдаланғаны үшін төлем.

Көлеңкелі экономиканың ұлғаюын болдырмау мақсатында азаматтарды жалпыға бірдей декларациялау енгізілгеннен кейін төлем көзіне салық салынатын кірістерден жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық берілетін болады.

Бұдан басқа, Кеңестің шешімі бойынша бюджет және салық заңнамасында айқындалған салықтар мен төлемдер мөлшерлемелерінің мөлшері реттелуі мүмкін.

Жергілікті өзін-өзі басқару бюджеті коммуналдық меншіктен түсетін түсімдерден және қызметтер ұсынудан қалыптасады.

Қолданыстағы салық салынатын базаны ұлғайту үшін "1+1" салық мәдениетін арттыру бойынша ынталандыру тетігін енгізу қажет, яғни қаржы жылының қорытындысы бойынша салық жинау бойынша түсімдердің нақты өскен кезде жоғары тұрған деңгей елді мекеннің даму әлеуетін ескере отырып, өсім сомасына нысаналы трансферттер бөлетін болады.

Бюджетаралық қатынастар саясаты, тұтастай алғанда, одан әрі фискалдық орталықсыздандыру бағытына сәйкес келуге тиіс.

Бюджетаралық қатынастар жүйесі өңірлердің өзін-өзі қамтамасыз етуін ынталандыруға және жергілікті бюджеттердің республикалық нысаналы трансферттерге тәуелділігін төмендетуге бағытталатын болады.

Осыны ескере отырып, бюджетаралық қатынастар, тиісінше барлық деңгейлердегі (республика – облыс, облыс – аудан, аудан – ауыл) жалпы сипаттағы бюджетаралық трансферттер де жергілікті атқарушы органдарды өңірлік экономиканы дамытуға және жергілікті бюджеттердің кірістерін ұлғайтуға ынталандыруға, өңірлердің республикалық бюджетке тәуелділігін азайтуға бағытталатын болады.

Орталық – өңір қатынасын ғана емес, сондай-ақ өңір ішіндегі қаражатты бөлуді де ескеретін өңірлерді бюджеттік қаржыландыру моделін қайта қараған жөн.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін перспективада барлық деңгейдегі бюджеттер арасындағы қарсы трансферттерді барынша азайта отырып, бюджеттік алып қоюлардан біртіндеп бас тартылады.

Жалпы сипаттағы трансферттерді айқындау кезінде оларды есептеу әдістемесі жетілдіріледі.

2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы жалпы сипаттағы трансферттер туралы заң 2021 жылдың екінші жартыжылдығында бекітілетін жаңа жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесі ескеріліп әзірленеді.

Жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштер мен коэффициенттер өзектілігі мен өңірлік ерекшелігі, халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталғандығы ескеріле отырып қайта қаралатын болады.

Бұл ретте жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік субвенцияларды пайдалануын бақылау күшейтіледі.

Ауылдық бюджеттерге қатысты 2023 жылдан бастап жоғары тұрған (аудандық, облыстық маңызы бар қала) бюджетке бюджеттік алып қою тетігі қолданылмайтын болады.

Өңірлік саясатты іске асырудың тиімділігін арттыру үшін жергілікті бюджеттердің атқарылу икемділігін арттырудың қосымша құралдары пысықталатын болады.

Бұл ретте қосымша кіріс көздерінің жергілікті өзін-өзі басқаруға берілуін ескере отырып, орталықсыздандыру шеңберінде жаңа функциялар мен өкілеттіктердің берілуіне байланысты төртінші деңгейдегі бюджеттердің шығыс мүмкіндіктерін кеңейту қажет.

Тұтастай алғанда, 2030 жылға қарай ауылдық округтердің салық базасының ұлғаюын ескере отырып, ауылдық округтердің өзін-өзі қамтамасыз етуі орта есеппен 50 %-ға дейін жетеді деп жоспарлануда.

Жергілікті өзін-өзі басқару бюджетін қаржыландыру тәртібі де қайта қаралатын болады. Өз кірістерінен түскен қаражат тек ауылдық округті дамытуға және жергілікті

қоғамдастық жиынының бастамасы немесе келісуі бойынша жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге бағытталатын болады.

Бұл ретте жергілікті өзін-өзі басқару бюджетімен жұмыс істеудің ерекше тәртібі енгізіледі, ол бизнес-процестерді едәуір оңтайландыруға, есептілікті қолмен толтырылатын режимде ұсынуды жоққа шығаруға, бюджеттік бағдарламаларды ірілендіруге және басқа мүмкіндік береді.

Бюджеттік рәсімдерді оңайлату мақсатында жергілікті өзін-өзі басқару бюджетін түзету көзделеді. Бұл шара Кеңеспен келісу бойынша қаражатты бюджеттік бағдарламалар арасында неғұрлым басым мақсаттарға қайта бөлуге мүмкіндік береді.

Ауылдық округ әкіміне салық түсімдерін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін құралдар берген жөн. Атап айтқанда, ауылдық округ әкіміне өз өкілеттіктерін іске асыру үшін қажетті мемлекеттік органдардың ақпараттық базаларына рұқсат берілетін болады.

Қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету мақсатында жергілікті тұрғындардың қаражатты мониторингтеу және мақсатты пайдалану жөніндегі комиссиялар құруға құқығы болады.

Құжаттамасы жоқ коммуналдық меншік объектілерін (жолдар, құбыржолдар, ғимараттар және басқалар) қаржыландыру мүмкіндігінің болмауына байланысты жүйелі проблемаларды шешу жөнінде шаралар қабылдау қажет. Бүгінгі таңда ауылдық бюджеттер үшін құжаттарды ресімдеу процесі, оның ішінде көрсетілетін қызметтер құны өте жоғары болғандықтан, оңай емес.

Құқық белгілейтін құжаттарды өтеусіз ресімдеу, жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін мемлекеттік тіркеу, коммуналдық меншік объектілерін жергілікті өзін-өзі басқару балансына қабылдау жөніндегі рәсімдерді оңайлату мәселесіне кешенді қарау қажет.

Осыған байланысты, жергілікті атқарушы органдар өздеріне бекітілген объектілерге, оның ішінде иесіз активтерге түгендеу жүргізетін болады. Түгендеу жүргізілгеннен кейін коммуналдық объектілердің тізбесі жасалады, олар бойынша кезең-кезеңімен оңайлатылған тіркеу және есепке қою тәртібі қолданылатын болады.

Орталық деңгейде ауылдық елді мекендердегі объектілер үшін үлгілік жобалау-сметалық құжаттама әзірленетін болады. Сол арқылы, жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау шығыстары айтарлықтай қысқарады.

Қалдықтарды басқару, сумен жабдықтау, су бұру, көлік, мал жаюға, шөп шабуға арналған жер учаскелерін айқындау сияқты және басқа да ортақ міндеттерді шешу үшін жергілікті қоғамдастықтар өз деңгейінде бірігуге мүмкіндік алады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары елді мекендердің тыныс-тіршілігін сапалы көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету үшін қаржы ресурстарымен нығайтылған жеткілікті өкілеттіктер мен құралдарға ие бола алады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жауапкершілік саласы өз аумағын дамыту, қоғамдық кеңістіктерді, жергілікті көлік, әлеуметтік және өзге де инфрақұрылымды абаттандыру, базалық қызметтер көрсету мәселелерін, сондай-ақ аралас, бірлесіп пайдаланылатын инфрақұрылым объектілерін және басқаларды дамыту мүмкіндігін қамтиды.

Қалаларда өзін-өзі басқаруды дамыту

2020 жылдан бастап астанада, республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда "Халық араласатын бюджет" жобасы енгізілді. Халықты белсенді түрде тарту үшін Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасындағы модуль пайдаланылады, онда нақты уақыт режимінде тиісті жобаларды қадағалауға болады.

Қалаларда өзін-өзі басқаруды енгізу мәселесі азаматтар санының көптігін және цифрлық технологиялардың дамуын ескере отырып, мұқият зерттеліп, пысықталатын болады.

Кейіннен "Халық араласатын бюджет" шеңберінде тұрғындар ұсынған жобаларды іске асыру, оның ішінде осы бастама шеңберінде іске асырылатын жобаларды қаржыландыру үшін бөлінетін қаражатты ұлғайту жолымен іске асыру жұмысы жалғасады.

"Халық араласатын бюджеттің" өңірлерге жаппай енгізілуіне мониторинг, халықты осы процеске тарту, сондай-ақ "Халық араласатын бюджеттің" іске асырылатын және іске асырылған жобалары туралы халықты жүйелі түрде хабардар ету бойынша жұмыс жүргізу мақсатында жобалық ұсыныстар бойынша дауыс беру рәсімі аяқталғаннан кейін әкімдік (әкім аппараты) қорытынды шығарады.

Бұл ретте тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің оннан аз адамы дауыс берген жобалық ұсыныстарды іске асыруға жол берілмейді.

Дауыс беру нәтижелері және "Халық араласатын бюджеттің" жобалық ұсыныстары бойынша тиісті шешім әкімдіктің (әкім аппаратының) интернет-ресурсында және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

Ақпараттық технологиялардың дамуын ескере отырып, қалалардағы жергілікті өзін-өзі басқару цифрлық форматта дамиды.

Сондай-ақ саяси жүйені демократияландырудың келесі қадамы 2024 жылы облыстардағы аудандар әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу болады. Кандидаттарды ұсынуды саяси партиялар өз мүшелері арасынан, сондай-ақ өзін-өзі ұсыну тәртібінде жүзеге асырылатын болады.

Қалаларда өзін-өзі басқаруды ынталандыру азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асыруға және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының халықтың қажеттіліктері мен проблемаларына деп қоюын арттыруға бағытталған.

Барлық деңгейдегі мәслихаттар жұмысының тиімділігін арттыру

Бүгінгі таңда халықтың мәслихат депутаттарына және олардың қызметіне сенім деңгейінің төмендігі байқалады.

Осыған байланысты алда мәслихаттардың қызметін ашық және халыққа жақын ете отырып, оған жаңа серпін беру міндеті тұр. Ол үшін мәслихаттар отырыстарын онлайн-трансляциялауды енгізу көзделген. Депутаттар қабылдаған шешімдер халық үшін қолжетімді әрі ашық болады.

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мәслихаттар тұрақты комиссия төрағасының екі сайланбалы тұрақты лауазымымен қосымша күшейтіледі.

Мәслихат депутаттары мен хатшыларының құқықтық мәртебесі жиындар мен Кеңестерге қатысу, мәслихат сессиясында азаматтардың қоғамдық маңызы бар өтініштерін жария ету, мәслихаттардың құрылатын тұрақты және уақытша комиссияларының құрамына кандидатуралар ұсыну, мәслихатқа Қазақстан Республикасының заңдары мен заңға тәуелді актілерінің орындалуын тексеру қажеттігі туралы ұсыныстар енгізу сияқты қосымша өкілеттіктер беру арқылы арттырылады.

Бұдан басқа, мәслихаттардың депутаттарына өңірді дамыту немесе жергілікті проблемалар бойынша петициялар жасау (қол жинау) құқығы беріледі. Тиісінше петицияларды одан әрі жан-жақты талқылауды және қорытынды шешімдер қабылдауды регламенттеу бойынша жұмыс жүргізіледі.

Тұтастай алғанда, мәслихаттың рөлі айтарлықтай артады, бұл ретте мәслихат депутаттары өз өкілеттіктерінің алғашқы екі жылында өзінің біліктілігін арттыруға мүмкіндік алады.

Мәслихат депутаттары жұмысының есептілігін қамтамасыз ету мәслихат депутаттары қызметінің ашықтығына қол жеткізуге серпін береді.

Тексеру комиссияларының қызметін күшейту

Сыртқы мемлекеттік аудит органы ретінде тексеру комиссияларының мәртебесі едәуір өсті, ал олардың өкілеттіктері мен функциялары едәуір кеңейді. Қазіргі уақытта тексеру комиссиялары жергілікті бюджеттің атқарылуына сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыратын дербес мемлекеттік органдар болып табылады.

Сонымен қатар бүгінгі күні тексеру комиссияларының тиімді жұмысына кедергі келтіретін бірқатар проблемалық мәселелер бар.

Мәселен, тексеру комиссияларының жергілікті атқарушы органдарға қаржылық тәуелділігі байқалады. Осыған байланысты тексеру комиссияларын жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұстау мәселесінде Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетін (бұдан әрі – Есеп комитеті) Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің бейінді комитеттері арқылы қаржыландырудың жеке тәртібіне ұқсас мәслихаттың тұрақты комиссиясы арқылы қаржыландырудың жеке тәртібін қолдану ұсынылады.

Бұдан басқа, тексеру комиссияларының мүшелерін тағайындаудың қолданыстағы тәртібі жүргізілетін аудиторлық іс-шаралардың тиімділігін арттыруға толық көлемде ықпал етпейді. Тиісінше, тексеру комиссиясы мүшелерінің біліктілік деңгейін, сондай-ақ мемлекеттік аудиттің тиімділігін арттыру мақсатында тексеру комиссияларының мүшелерін тағайындау Есеп комитетімен келісу бойынша мәслихаттың тексеру комиссиясы төрағасының ұсынуымен жүзеге асырылатын болады.

Сондай-ақ мемлекеттік бақылау органдарының тиімділігі мен жеделдігін арттыру үшін мемлекеттік аудиторларға басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне (Қазынашылық-клиент, мемлекеттік сатып алу веб-порталы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық жүйелері) қол жеткізу мүмкіндігі беріледі.

Тексеру комиссиялары көшпелі/онлайн отырыстарды жүзеге асыра отырып, Кеңеске аудиторлық тексерудің қорытындыларын ұсынатын болады.

Аудиторлық тексерулердің қорытындылары бойынша әкімнің халықпен, оның ішінде тексеру комиссияларының төрағасымен немесе мүшелерімен есеп беру кездесулері өткізілетін болады.

Жоғарыда аталған шаралар мен тәсілдерді қабылдау Мемлекет басшысының мәслихаттар мен тексеру комиссияларының рөлін күшейту жөніндегі тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әкімшілік-аумақтық құрылысты жетілдіру

Бүгінгі күні 6 316 ауылдық елді мекеннің 52 %-ында тұрғындарының саны аз болып табылады және тек 3 561 (тірек және спутниктік) даму әлеуетіне ие.

"Адамдар инфрақұрылымға" моделіне көшуді назарға ала отырып, азаматтардың пікірін міндетті түрде ескере отырып және олардың өмір сүру сапасын арттыру үшін әкімшілік-аумақтық құрылысты жетілдіріп отыру (ірілендіру, біріктіру, қайта бағындыру) қажет.

Сондай-ақ кент және ауыл сияқты елді мекендер санаты арасында экономика құрылымы, сыртқы келбеті, сондай-ақ тұратын азаматтар саны бойынша айырма жоқ. Осыған байланысты әкімшілік-аумақтық құрылысты ретке келтіру мақсатында "кент" ұғымын алып тастау мәселесі қаралатын болады.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі аумақтық даму жоспарын іске асыру үшін әрбір әкімшілік-аумақтық бірліктің қалалық және ауылдық елді мекендері үшін экономикалық, әлеуметтік, инвестициялық және басқа да талаптар мен өлшемшарттар айқындалатын болады, бұл елдің әкімшілік-аумақтық құрылысын жетілдірудің кезеңді пайым жоспарын қалыптастыруға және тағы басқа шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қалалық және ауылдық елді мекендердің әкімшілік мәртебесін өзгерту жөніндегі шешімнің алдында оның негізділігі тұрғысынан, оның ішінде негізгі демографиялық

параметрлер, экономикалық белсенділік, тыныс-тіршілік үшін қажетті инфрақұрылымның барлық түрлерінің қолжетімділігі мен қашықтығы бойынша талдау жүргізіледі.

Жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің қаражатын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында ауылдық елді мекендердің нақты жағдайлары мен орналасқан жеріне жүргізілген талдауды ескере отырып, ауылдық округтерді біріктіру мүмкіндігі бойынша заңнамалық шаралар тұжырымдалады.

Қаланың өзге елді мекендерге (5 жыл ішінде), ауылдың/кенттің өзге елді мекендерге (3 жыл ішінде) мәртебесін өзгерту үшін мынадай өлшемшарттарға талдау жүргізілетін болады:

- халық санының серпіні;

- халықтың ішкі және сыртқы көші-қоны;

- қала ауданы;

- қалаға басқа елді мекендерді қосу (бөлу) мүмкіндігі;

- қызмет түрлері бойына (ауыл шаруашылығында, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар және т.б.) халық санын бағалау;

- маятниктік еңбек көші-қонын бағалау (күнделікті еңбек ағыны) (қай елді мекеннен қай елді мекенге), адамдар саны, көлік саны;

- дамыған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның болуы (өнеркәсіптік кәсіпорындар, коммуналдық шаруашылық, мемлекеттік тұрғын үй қоры, оқу және мәдени-ағарту, емдеу, сауда объектілерінің желісі);

- халықтың елді мекен мәртебесінің ықтимал өзгеруіне қатысты пікірі.

Тиісті жұмыстарды бастау үшін "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру шеңберінде әкімшілік-аумақтық құрылыс стандарттарын әзірлеу қажет.

5-бөлім. Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың негізгі қағидаттары

Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту және оның органдарының қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) жергілікті маңызы бар мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне азаматтардың қатысуы және олардың орындалуына бақылауды жүзеге асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

- 2) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сайлануы;

- 3) заңдылық;

- 4) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ашықтығы және жергілікті халық алдындағы есептілігі;

- 5) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ұйымдастырушылық, экономикалық және қаржылық дербестігі;

6) жергілікті өзін-өзі басқару және мемлекеттік басқару органдарының функциялар мен өкілеттіктерінің аражігін ажырату, ынтымақтастық пен елдің қалалық және ауылдық елді мекендерін дамыту үшін өзара жауапкершілік негізінде өзара іс-қимылы;

7) жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу кезінде жалпы мемлекеттік мүдделерді сақтау;

8) мемлекет тарапынан жергілікті өзін-өзі басқаруды қолдау.

Тұжырымдаманың қабылдануы конституциялық нормаларды іске асыруға, жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың, қызметінің және дамытудың заңнамалық негіздерін жасауға, билікті орталықсыздандыру және демократияландыру саласында пәрменді реформалар жүргізуге, жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде азаматтардың рөлін арттыруға, азаматтардың аумақтарды басқаруға тікелей қатысу мүмкіндіктерін кеңейту үшін жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

6-бөлім. Күтілетін нәтижелер

Тұжырымдаманы іске асыру азаматтардың мемлекетті басқарудағы рөлін жергілікті деңгейде күшейтуге мүмкіндік береді. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары дербестік пен тұрғындардың күнделікті өмірінде кездесетін мәселелерді тезірек және тиімдірек шешуге мүмкіндік алады.

Негізгі күтілетін нәтижелер:

1) 2023 жылы – жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын құру және олардың қызметі мәселелерін реттейтін "Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңын әзірлеу және қабылдау;

2) 2021 жылғы екінші жартыжылдықтан 2025 жылғы бірінші жартыжылдыққа дейін – 2345 әкіміне, 2021 – 2025 жылдар ішінде аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтердің, кенттердің және ауылдық округтің құрамына кірмейтін ауылдардың жергілікті тұрғындардың тікелей дауыс беруі арқылы қайта сайлау;

3) 2023 жылы – барлық ауылдық округтерде Кеңестің алқалы органын құру және оның жұмыс істеуі;

4) 2022 жылы – барлық деңгейдегі мәслихаттарды отырыстардың онлайн-трансляциясын өткізумен қамту;

5) 2024 жылдан бастап – облыстарда аудан әкімдерін тікелей сайлауды енгізу;

6) 2030 жылға қарай қалалық және ауылдық елді мекендердің тұрғындары үшін қолжетімді жергілікті өзін-өзі басқару органдарының интернет-порталдарын құру.

Жоғарыда көрсетілген шараларды кезең-кезеңімен сапалы іске асыру 2030 жылға қарай өңірлердің аумақтық, экономикалық, әлеуметтік жағдайларына сәйкес келетін, сондай-ақ тұрғындар мен тұтастай мемлекеттің мүдделеріне сай келетін жергілікті өзін-өзі басқарудың жаңа моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тұжырымдаманы екі кезеңде іске асыру болжанып отыр:

I кезең: 2021 – 2024 жылдар.

Жаңа реформалар азаматтардың ауылдық округтер әкімдерін тікелей сайлауды өткізуден басталады.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту қалалық және ауылдық елді мекендер тұрғындарының қатысуынсыз мүмкін емес. Осыған байланысты жергілікті тұрғындарды елді мекендерді басқаруға белсенді түрде тарту қажет.

Онлайн-петиция институты енгізілетін болады, оған барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттары белсенді қатысады.

Бұдан басқа, мәслихаттардың барлық отырыстарын онлайн трансляциялау қамтамасыз етіледі. Мәслихаттың қызметі барлық азаматтар үшін ашық болады.

Ел ауқымында жергілікті өзін-өзі басқарудың жаңа өкілді және атқарушы органдарын сапалы енгізуді қамтамасыз ету мақсатында бірқатар аудандарда оларды сынаудан өткізу қажет. Алынған нәтижелердің негізінде мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару деңгейлерінің аражігі ажыратылады.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізінде жаңа жергілікті өзін-өзі басқару органдары қалыптастырылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өз функцияларын іске асыру үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстар беріледі.

Сондай-ақ облыстардағы аудандар әкімдерін тікелей сайлау енгізіледі. II кезең: 2025 – 2030 жылдар.

Екінші кезеңде өкілеттіктерді орталықсыздандыруды жалғастырған жөн. Берілетін өкілеттіктер қажетті қаражатпен сүйемелденеді.

Тұрғындардың пікірін ескере отырып, біртіндеп әкімшілік-аумақтық құрылысты жетілдіру жүргізіледі.

Қабылданатын барлық шаралар басқарудың заманауи құралдары арқылы белсенді талқылаумен және іске асыруды бақылаумен сүйемелденетін болады.

Тұжырымдама осы Тұжырымдамаға қосымшаға сәйкес іс-қимыл жоспары арқылы іске асырылатын болады.

Қазақстан Республикасында
жергілікті өзін-өзі басқаруды
дамытудың 2030 жылға дейін
тұжырымдамасына
қосымша

Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимылдар жоспары

Р/с №	Іс-шара атауы	Аяқталу нысаны	Орындау үшін жауаптылар	Орындау мерзімі	Қаржыландыру көздері
-------	---------------	----------------	-------------------------	-----------------	----------------------

1	2	3	4	5	6
Бірінші кезең (2021 – 2024 жылдар) – жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімді жүйесін құру					
1. Жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқарудың өкілеттіктері мен жауапкершілік салаларының аражігін ажырату					
1. Барлық деңгейдегі мәслихаттар жұмысының тиімділігін арттыру:					
1)	Мәслихаттар депутаттарына өңірді дамыту немесе жергілікті проблемалар бойынша петициялар жасау (қол жинау) құқығын беру	"Қоғамдық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасына ұсыныстар енгізу	ҰЭМ, АҚДМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері, барлық деңгейдегі мәслихаттар	2022 жылғы маусым	талап етілмейді
2)	Барлық деңгейдегі мәслихат отырыстарының онлайн-трансляциясын енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ҰЭМ, ЦДИАӨМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері, барлық деңгейдегі мәслихаттар	2022 жылғы маусым	талап етілмейді
2.	"Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу, оның ішінде жергілікті қоғамдастықтың қазіргі жиналысының мәртебесін күшейту және өкілеттіктерін кеңейту арқылы қайта құру жолымен Кеңес – жергілікті өзін-өзі басқарудың алқалы органын ұйымдастыру	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ҰЭМ, мүдделі орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	2022 жылғы ақпан	талап етілмейді
1)	Жергілікті мемлекеттік басқару функцияларының аражігін ажырату бойынша талдау жүргізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың әкімдіктері	2021 жылғы тамыз	талап етілмейді

3.	Әкім аппаратын жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігі етіп қайта ұйымдастыру жөніндегі пилоттық жобаны іске қосу (2024 жылғы қаңтардан бастап желтоқсан аралығында)	пилоттық жобаны іске асыру	ҰЭМ, мүдделі орталық мемлекеттік органдар, облыстардың әкімдіктері	2024 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
2. Азаматтарды жергілікті өзін-өзі басқаруға тарту					
4.	Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер және ауылдық округтер әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу	ҰЭМ-ге ақпарат	облыстардың әкімдіктері, мүдделі орталық мемлекеттік органдар	2021 жылғы тамыз-желтоқсан	РБ, ЖБ
5.	2021 жылы өткізілген аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің және ауылдық округтердің әкімдерін тікелей сайлау қорытындылары бойынша талдау жүргізу, қажет болған жағдайда сайлау процесіне түзету енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Ұ Э М , облыстардың әкімдіктері, мүдделі орталық мемлекеттік органдар	2021 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
6.	Азаматтардың шешім қабылдауға қатысуын арттыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу	дөңгелек үстелдер, семинарлар өткізу, БАҚ-та жариялау	АҚДМ, ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың әкімдіктері	жыл сайын	бөлінген қаражат шегінде (РБ, ЖБ)
7.	Қазақстан Республикасының заңнамасына облыстардағы аудандардың әкімдерін тікелей сайлауды енгізу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу	"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының жобасы және ілеспе заң жобасы	ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың әкімдіктері	2023 жылғы желтоқсан	РБ, ЖБ
3. Тексеру комиссияларының қызметін күшейту					
	Тексеру комиссияларының мүшелерін тағайындау		Есеп комитеті (келісу бойынша), облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың		

8.	тәртібі бөлігінде облыстардың және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының тексеру комиссияларының қызметін күшейту	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	тексеру комиссиялары, мүдделі орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының мәслихаттары	2021 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
1)	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетін қаржыландыру тәртібіне ұқсас мәслихаттың тұрақты комиссиясы а р қ ы л ы қаржыландырудың жекелеген тәртібін қолдану жолымен жергілікті бюджет қаражаты есебінен тексеру комиссияларын ұстау жөнінде шаралар тұжырымдау	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Есеп комитеті (келісу бойынша), облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары, мүдделі орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының мәслихаттары	2022 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
4. Фискалдық орталықсыздандыру					
9.	Коммуналдық меншікке түгендеу жүргізу	ҰЭМ-ге ақпарат	облыстардың әкімдіктері, мүдделі мемлекеттік органдар	2022 жылғы маусым	талап етілмейді
10	"1+1" салық мәдениетін арттыру бойынша ынталандыру тетігін енгізу (қаржы жылының қорытындысы бойынша салық жинау бойынша түсімдердің нақты өсуі кезінде жоғары тұрған деңгей сол сомаға нысаналы трансферттер бөлетін болады)	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне а қ п а р а т	ҰЭМ, Қаржымині, Әділетмині, мүдделі орталық мемлекеттік органдар, облыстардың әкімдіктері	2022 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
	Орталық – өңір қатынастарын ғана емес, сондай-ақ қаражатты өңір ішінде бөлуді де ескеретін өңірлерді бюджеттік қаржыландырудың жаңа моделін әзірлеу, сондай-ақ	"2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы"	ҰЭМ, мүдделі орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, Нұр-Сұлтан,		

11	аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер және ауылдық округтер деңгейінде бюджеттік алып қою тетігін алып тастау	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	2022 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
12	Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі аумақтық даму жоспарының тәсілдерін ескере отырып, елдің оңтайлы әкімшілік-аумақтық құрылысы бойынша ұсыныстар тұжырымдау бойынша зерттеулер жүргізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне талдамалық жазба	ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	2023 жылғы ақпан	талап етілмейді
13	Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар тұжырымдау үшін халық санының көптігін және цифрлық технологияларды қолдануды ескере отырып, қалаларда өзін-өзі басқаруды дамыту бойынша Польша мысалында озық халықаралық тәжірибені зерделеу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, республикалық маңызы бар қалалардың және облыс орталықтары – қалалардың әкімдері, "ЭЗИ" АҚ (келісу бойынша)	2022 жылғы қазан	мемлекеттік тапсырма шеңберінде

Екінші кезең (2025 – 2030 жылдар) – жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың жаңа моделін құру

5. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту

14	Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттарын жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігі етіп қайта құру жөніндегі пилоттық жобаның іске асырылуын талдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың әкімдіктері	2025 жылғы наурыз	талап етілмейді
15	"Community center" (қоғамдық орталық) – ауыл тұрғындарын тарту және ауылдың қоғамдық-мәдени тыныс-тіршілігі орталықтарын ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҰЭМ, ИИДМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың әкімдіктері	2025 жылғы маусым	талап етілмейді

16	Жергілікті өзін-өзі басқару қағидаттарын іске асыру және білім беру ұйымдарында пікірсайыс, өзін-өзі басқару апталығы және конкурстар арқылы азаматтарды шешім қабылдау процесіне тарту	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	2025 жылғы сәуір, қазан	талап етілмейді
6. Әкімшілік-аумақтық құрылысты жетілдіру					
17	Әкімшілік-аумақтық бірліктердің "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңның талаптарына сәйкестігінің мониторингін қамтитын талдау жүргізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері, мүдделі мемлекеттік органдар	жыл сайын мамыр	талап етілмейді
18	Өкілеттіктерді одан әрі орталықсыздандыру бойынша ұсыныстар тұжырымдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың әкімдіктері	2025 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
19	Әкімшілік-аумақтық құрылыс стандартын әзірлеу	"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер енгізу	ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	2027 жылғы наурыз	талап етілмейді

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚДМ	– Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Әділетмині	– Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
БҒМ	– Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
БАҚ	– бұқаралық ақпарат құралдары
Еңбекмині	– Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Есеп комитеті	– Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті
ЖОО	– жоғары оқу орны
ИИДМ	– Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

Қаржымині	– Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
МҚІА	– Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
НҚА	– нормативтік құқықтық акт
СЖРА	– Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
ҰЭМ	– Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
"ҰАТ" АҚ	– "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы
ЦДИАӨМ	– Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
ІІМ	– Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
"ЭЗИ" АҚ	– "Экономикалық зерттеулер институты" акционерлік қоғамы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК